ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

# ПОРТФОЛИО

**Пән**:Кәсіпкерлік құқық
**Тақырып**: Банкроттық

Орындаушы: ю-32 топ студенті Бәкібаева Қаракөз
Портфолио жеткешісі: Асетова Гүлнұр Бахытовна

1. Мақсат
2. Міндет
3. Дәрістік кешен

3.1 Ойын

3.2 Ассоциограмма ой-картасы

4. Семинар сабағы

4.1. Сауықтыру сатылары

4.2. CASE-STUDY әдісі

5. Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша сабақ

5.1 Жағдаят шешу

5.2. Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

5.3. Тапсырма

6. Рефлексия

7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

## МАҚСАТ:

*1.Банкроттық* мағынасын толыққанды түсіну

*2.Танымдық қызмет*-бұл қоғамдағы экономиканы зерттеу мен мәнісін түсіне білу

*3.Теоретикалық түрде,* яғни жалпы және жүйелі түрде көрсете білу

*4.Әдістемелік*-барлық экономикалық ғылым жүйесіне арналған теориялық және әдістемелік базаларын меңгеру.

# МІНДЕТ

Оқыту нәтижесінде, студенттердің экономиканың негізгі проблемаларының бірі, банкроттық және оның қарама-қайшылықтарын әрі шешу жолдарын білуі керек.

1)мақсатты қалыптастыру
2)қойылған мақсатқа жету тәсілдерін таңдау,талдау,бағалау
3)қажет әрекет тізімін құрастыру
4)сабақ бағдарламасын орындау
5)ресурстарды талдау
6)жасалған жоспар вариантын талдау
7)әрекет жоспарын дайындау
8)жоспардың орындалуын қадағалау

**Дәріс сабағы**
**Пәні**:Қәсіпкерлік құқық
**Тақырыбы**: Банкроттық

- Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын қызметінің тиімділігі олардың болашағын қаншалықты анық көре білуіне, яғни болжауға байланысты шешім шығару және "Банкроттық" терминінің мәнін ашу
- Банкроттық— борышкердің сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі. Фирма банкроттығы әдетте ұзақ уақыт ішінде шығысы кірістен артық болып, шығынның орнын толтыру көздерінің табылмау салдарынан пайда болады. Юристік тәжірибеде банкроттық дегеніміз — сотпен не төреліκпен қарызын толық өтей алмайтыны айқындалған соң борышын өтеу үшін экономикалық іс - әрекетін тоқтату. Бұл несие берушілердің қарызын қайтару үшін борышқорды барлық мүлкін сатуға мәжбүр етеді. Сот шешімі бойынша борышқорлық міндеттемесін өтеуге қабілетсіз кәсіпорындар қайта құрылуы мүмкін яғни оған борышын өтеп, банкроттықтан шығу үшін мөлшерлі мерзім беріледі, ал кей жағдайда борышқор фирмалар мен мекемелердің, өнеркәсіптердің шаруашылығын тоқтатып, тарату ашық жарияланып, мүлкін сату арқылы, не болмаса қаржы мүліктерін өнеркәсіптің өз адамдары сатып алу арқылы таратылады. Егерде төлем қабілетсіздігін айқындап сотка борышқордың өзі арыз жазса банкроттық "ерікті" деп аталады, ат арыз қарызы қайтарылмаған несие берушіден түссе банкроттық "ықтиярсыз", "мәжбүрлі" деп аталады.

**Банкроттық** – борышкердің сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі;



Әдейі банкроттық

төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы

Экономикалық, қызмет саласындағы қылмыс


Нақты банкроттылық
Техникалық банкроттылық
Әдейі банкроттылық
Тиімді банкроттылық

# АССОЦИОГРАММА БАНКРОТТЫҚ






# Өзін-өзі бақылауға арнал

- ✔ Инвестициялық банкирлердің рөлі қандай?
- ✔ Корпоративтік альянстар мен холдингтік компаниялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бөліп қарастырыңыз.
- ✔ Қаржылық қиындықтар мен оның салдарының пайда болу себептерін атаңыз.
- ✔ ҚР «Банкроттық туралы» Заңының негізгі ережелерін сипаттап беріңіз.
- ✔ Банкроттық жағдайда қайта құру және жою рәсімдерін баяндап беріңіз.

**Семинар сабағы**
**Пәні**:Кәсіпкерлік құқық
**Тақырыбы**: Банкроттық

# 1 тақырып. Банкроттық

Семинар сабақтарының сұрақтары:
1.Банкроттық түсінігі. Банкрот деп тану туралы өндірісті қозғау негіздері.
2.Оңалту рәсімі және жеделтетілген оңалту рәсімі
3. Банкроттық рәсімі.

**Қаржылық қиыншылықтар мен олардың салдары.**

Экономикалық тұрақсыздық

**Іскерлік тұрақсыздық.**

Техникалық төлемқабілетсіздік.

Банкроттыққа ұшырау алдындағы төлемқабілетсіздік.

Ашық банкроттық.

# Сауықтыру сатылары

- қарыз берушілердің банкроттық туралы істі қозғауына дейін, кәсіпорын дағдарыстық жағдайдан шығу үшін өз бастамасымен сыртқы көмекке жүгінсе
- егер сот қарыз берушінің борышкерге қоятын талаптарын қанағаттандыруды және оның бюджет алдындағы міндетемелерін төлеуді қалайтындар тарапынан келіп түскен ұсыныстар бойынша сауықтыруды өткізу туралы шешім шығарса.

# Борышкердің банкроттық істі қарағанда қандай процедуралар орындалатынын тап

[redacted]

[redacted]

[redacted]

[redacted]

[redacted]

# CASE-STUDY әдісі

**Білім беру үрдісінде кейс әдісі келесі міндеттерді көздейді:**

1.Өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы құзырлылықтарды қалыптастыру

2.Жағдаятты көре білу және оны шешу жолдарын айқындай білу біліктілігін қалыптастыру

3.Сабаққа қызуғышылық қалыптастыру

- **Жағдаят**

**Жағдайдың даму мөлшері бойынша төмендегі сұрақтарға жауап берудің қажеттілігі туындайды.**

1.Фирманың төлем кестелерін орындаудағы қабілетсіздігі уақытша қиыншылық (техникалық төлемқабілетсіздік) болып табыла ма немесе бұл қаржылық міндеттемелерді  көлемінен төмен активтер құнының төмендеуінен туындаған тұрақты үрдіс па (банкроттыққа ұшырау алдындағы төлемқабілетсіздігі)?

2.Егер қиыншылық уақытша сипатта болса, онда төлемдердің мерзімін ұзарту бойынша келісім қарыз берушілермен бірлесіп жасалады. Бұл фирмаға әр қарыз берушінің талаптарын қайта қалпына келтірудің және қанағаттандырудың мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Алайда, егер активтер құны шынымен төмендесе, онда шығындардың орнын кім толтырады?

3.Қолдау көрсеткен  және операцияларды жалғастырған жағдайда бизнестің құны өсе ме немесе оны жойып, бөлшектеп сатқан дұрыс па?

4.Фирмаға банкроттық туралы өтініш берген дұрыс па немесе ресми емес рәсімдерді қолданған дұрыс па?

5.Фирма жойылғанда немесе қайта құрылғанда оны кім бақылауы керек? Жою комиссиясын құру керек пе немесе қазіргі басшылардың бақылауында қалдыру керек пе?

СӨӨЖ сабағы
Пәні:Кәсіпкерлік құқық
Тақырыбы: Банкроттық

**1.СОӨЖ өткізу нысаны**: жазбаша жұмыс.
**2.Орындауда қолданылатын әдістемелік нұсқамалар:** теориялық және заң тұрғысындағы алған білімдеріңізге сүйене отырып тәжірибе негізінде қалыптасқан есептер шығарыңыз, қойылған сұрақтарға толық жауап.
**3.Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімін қарастырыңыздар.**

# СҰРАҚ-ЖАУАП

Банкротқа байланысты істі сотта карауды қандай жағдайларда бастауға болады?

Банкроттықтан шығу жолдарын қағаз бетіне түсіру

Банкроттық туралы ауызша түсіндіру





-борышқор өзінің дер кезінде қарыздарды төлей алмайтынын ресми түрде мойындаса;

-несие берушінің төлемдерді орындау мерзімінің 3 айдан асып кеткені туралы арызы бойынша;

-прокурордың жалған банкрот туралы нақты күдіктері бойынша.



Ауызша түсініктеме айтылуы тиіс



•маркетингтік және кадр саясатын жүргізу;

•өндірісті дамытуға қажетті инвестициялар тартуға тиісті жағдай туғызу

шығарылатын өнім атауларын жаңарту;

- жаңа нарық сегменттерін игеруді қарастырады.

***Тапсырма:***

1. Бірнеше адамдар тобы сотқа «Қалалық су» комуналдық мемлекеттік кәсіпорынын дәрменсіздігіне және тұрғылықты халыққа тиісті түрде қызмет көрсете алмауына байланысты қызметін тоқтату туралы талаптанды.

Сот талап арыздан бас тартты, себебі оның соттың пайымдауынша мемлекеттік кәсіпорын осы кәсіпорынды құрған уәкілетті органның шешімімен ғана жойыла алады. Бас тарту құқыққа сай ма? Мемлекеттік кәсіпорын қандай тәртіпте таратылады?

# РЕФЛЕКСИЯ

Сабақта:

- Мен нені білдім
- Мен нені есімде сақтадым
- Мен нені үйрендім
- Мен нені қайталадым
- Мен нені айтуға қиналдым



**Әдебиет**

1. ҚР-ның «Кәсіпорындар туралы» заңы:
2. Шмален Г. Основы и проблемы экономики предприятия/ под ред. А.Г. Поршнева, М.: «Финансы и статистика», 2000 г., 59-71 б
3. Сергеев И.В. Экономика предприятия. М.: «Финансы и статистика», 2000 г., 5-15, 37-58 б.
4. Грузинов В.П. Экономика предприятия. М.: «Банки и биржи», 2000 г., 75-111 б
5. Экономика предприятия / под ред. О.И. Волкова, М.: «Инфра-М», 2001 г., 11-35,42-72 бб.
6. Бейсенова М., Садықбаева А.  Кәсіпорын экономикасы (есептер жинағы), Алматы: «Ғылым», 2002 ж., 4-12 б

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ